

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
САЛАСЫНДАҒЫ САПАНЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІ» РММ**



**РГУ «КОМИТЕТ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ
КАЧЕСТВА В СФЕРЕ НАУКИ И
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
МИНИСТЕРСТВА НАУКИ И
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8,
тел: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік ел, 8
тел: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

**«Д. Серікбаев атындағы
Шығыс Қазақстан
техникалық» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы**

2025 жылғы 24 ақпандағы
№ 06/340 шығыс хатқа

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде (бұдан әрі – Университет) **«8D061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»** даярлау бағыты («8D06101 Ақпараттық жүйелер (сала бойынша)» білім беру бағдарламасы) бойынша диссертациялық кеңес ашу туралы хатыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Диссертациялық кеңестер құру туралы ерекше мәртебесі жоқ жоғары оқу орындарының құжаттарын қарау жөніндегі комиссия тарапынан Университеттің құжаттарына Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің¹ (бұдан әрі – Үлгі ереже) талаптарының сәйкестігіне сараптама жүргізіп, Университетте **«8D061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»** даярлау бағыты («8D06101 Ақпараттық жүйелер (сала бойынша)» білім беру бағдарламасы) бойынша диссертациялық кеңес ашу ұсынылды (Комитет төрағасының 2025 жылғы 04 наурыздағы № 305 бұйрығы).

Диссертациялық кеңестер Үлгі ереженің 3-тармағына сәйкес 3 жылға құрылды (мерзімі 2028 жылғы 03 наурызға дейін).

Университеттің диссертациялық кеңестің құрамына ұсынған 4 үміткердің де (Мамырбаев О.Ж., Барлыбаев А.Б., Смаилова С.С. және Кумаргажанова С.К.) Үлгі ереженің 9-тармағының 1) тармақшасына сәйкес соңғы 5 жылдағы халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдары бар.

¹ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығы

Сондай-ақ, диссертациялық кеңеске ұсынған тұрақты 4 мүшесінің 2-уі осы Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің өкілі, 1-уі ғылыми ұйымның өкілі және 1-уі басқа ЖЖОКБҰ-ның өкілі, ал осы диссертациялық кеңесте **қорғауларды ұйымдастырғанда диссертациялық кеңестің уақытша мүшелер қатарында Үлгі ереженің 5-тармағына сәйкес шетелдік ғалым болуы керек екенін мәлімдейміз.**

Сонымен қатар, Үлгі ереженің 4-тармағының 5) тармақшасына сәйкес мәтінді пайдалануды анықтаудың, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйесінің болуын растайтын құжаттың көшірмесінің қолдану мерзімі 2025 жылғы 06 сәуірге дейін және Үлгі ереженің 4-тармағының 6) тармақшасына сәйкес «8D06101 Ақпараттық жүйелер (сала бойынша)» білім беру бағдарламасының аккредиттелген мерзімі 2025 жылғы 19 мамырға дейін екенін назарға алуды және тиісті жұмыс атқаруды сұраймыз.

Маңызды: Университет тарапынан жоғарыдағы талаптарды ескермеген жағдайда докторанттардың диссертациялық жұмыстарының қорғауы туралы хабарламалары Комитет сайтына жарияланбайтынын ескертеміз.

Ерекше мәртебесі жоқ оқу орындарының диссертациялық кеңестер тізімі Комитет сайтының пайдалы сілтемелер бөлімінде орналастырылған.

Төрағаның орынбасары

Ғ. Есенбаев

Орын. Сатаева Ж. К.
Тел.: 87172-74-22-47

Подпись канцелярии
05.03.2025 16:11 АЙТКУЖИНОВА АЙЖАНА

Подпись руководителя
05.03.2025 16:08 ЕСЕНБАЕВ ГАНИ



Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№
Организация/отправитель	НАО "ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Д. СЕРИКБАЕВА"
Получатель (-и)	МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Электронные цифровые подписи документа	 Республиканское государственное учреждение "Комитет по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан" Подпись руководителя: ЕСЕНБАЕВ ГАНИ MIIsmAYJ...KMCFk5n2T Тип: НУЦ Время подписи: 05.03.2025 16:08
	 Государственное учреждение "Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан" Подпись канцелярии: АЙТКУЖИНОВА АЙЖАНА MIIIR4AYJ...Wnu7euu4= Тип: НУЦ Время подписи: 05.03.2025 16:11

[[QRCODE]]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверяемый посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.